

**«Астана»  
халықаралық қаржы  
орталығының  
қызметі туралы  
жылдық есеп  
2020 жыл**

---



# Жауапкершіліктің шектелуі туралы ескертпе

---

Осы Жылдық есепте АХҚО қызметі туралы жалпы ақпарат берілген және тек танысу мақсатында пайдалануға арналған. АХҚО осы есептегі ақпараттың пайдаланылуымен байланысты жауапты болмайды. Жылдық есепте АХҚО қызметіне қатысты болжам мәлімдемелер берілген. Барлық мәлімдемелер (тарихи фактілерден басқа) болжам түрінде келтірілген немесе болжам түрінде қарастырылуы мүмкін. Болжам мәлімдемелер – бұл АХҚО-ның бүгінгі пайымы мен жорамалдарына негізделген күтілетін нәтижелер туралы мәлімдемелер, олар белгілі де, белгісіз де тәуекелдерді және қызметтің нақты нәтижелері мен көрсеткіштері немесе оқиғалары осындай мәлімдемелерде көрсетілгеннен не болжамданғаннан өзгеше болуына әкелуі мүмкін белгісіздіктерді қамтиды.

Болжам мәлімдемелер басқасын қоспағанда, сенімді, нанымдарды, бағалауларды, болжамдық, жобалық көрсеткіштер мен басшылықтың жорамалдарын білдіретін мәлімдемелерді қамтиды. Болашақта АХҚО қызметіне әсер етуі және бұл қызметтің нәтижелері осы есепте келтірілген болжам мәлімдемелерде баяндалған нәтижелерден айтарлықтай ерекшеленуіне алып келуі мүмкін бірнеше факторлар бар. Жылдық есептегі барлық болжам мәлімдемелер осы есепке енген немесе есепте аталып өтілетін ескерту мәлімдемелермен тікелей және толығымен байланысты. Оқырмандар келтірілген болжамды мәлімдемелерге шектен тыс сенім артпауы керек. Әрбір осындай мәлімдеме осы Жылдық есеп дайындалған

күнге ғана өзекті. АХҚО, не оның лауазымды тұлғалары, агенттері, қызметкерлері немесе шарттар бойынша серіктестері өздеріне жаңа ақпаратты, болашақта болатын оқиғалар туралы мәліметтер немесе басқа да ақпаратты алу нәтижесінде қандай да бір болжам мәлімдемелерді жария түрде жаңарту немесе қайта қарау бойынша міндеттемелер алмайды. Осы тәуекелдерге байланысты нәтижелер осы Жылдық есептегі болжам мәлімдемелер негізінде мәлімденген, тұспалданған немесе жорамалданған нәтижелерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

# Мазмұны

---

<b>СӨЗ БАСЫ</b>	<b>1</b>
<b>АЛҒЫСӨЗ</b>	<b>2</b>
<b>1-БӨЛІМ</b>	
Қазақстан экономикасының ағымдағы жай-күйі мен келешегі	4
Экономикалық Әртараптандыруды Жалғасыра Отырып	5
<b>2-БӨЛІМ</b>	
«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)	6
Өткенге Және Болашаққа Көз Тігу	6
Табыс хронологиясы	7
Ағымдағы Жағдай	13
<b>3-БӨЛІМ</b>	
Негізгі мүмкіндіктер	22
Қаржылық Қызметтер	23
Білім Беру	27
Ауыл шаруашылығы	29
Ехнологиялар/индустрия 4.0	29
Пайдалы Қазбаларды Өндіріу	30
Логистика	31
Энергетика	31
<b>4-БӨЛІМ</b>	
COVID-19 пандемиясы аяқталғаннан кейін Қазақстанға инвестицияларды жоспарлау	32
АХҚО-да Тәуекелдерді Азайту	34
<b>Қорытынды</b>	<b>38</b>

---

# СӨЗ БАСЫ



**ДОКТОР ҚАЙРАТ КЕЛМБЕТОВ**  
«Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысы

Біз бүгінде экономика мен әлеуметтік іс-әрекеттегі бұрын-соңды болмаған өзгерістерінің куәсі болып отырмыз. Төртінші өнеркәсіптік революция (Индустрия 4.0), энергетикалық нарықтардағы күрт ауытқулар, жауапты инвестициялауға баса көңіл бөлу, жаһандану жылдамдығының бәсеңдеуі және дамушы нарықтардағы тұрақсыз өсім – барлық осы факторлар қарқындылықтың, бірақ сонымен бірге әлемдік экономиканың құбылмалылығының себебіне айналды. Қазіргі пандемия және оның салдары осы процестердің едәуір бөлігін айтарлықтай жеделдетеді немесе өзгертеді.

Мұндай радикалды өзгерістер жаңа реформаларды енгізуді талап етеді. Бүкіл елдің үкіметтері індеттің таралуын болдырмауға және экономиканы тиісті деңгейде ұстап тұруға тырыса отырып, ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз ету және өз экономикаларын сыртқы күйзелістерге төтеп бере алатындай ету үшін институттарды жаңарту үшін күш-жігерін жұмсауда.

Осы үрдістерді алдын ала болжай отырып, «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құру тұжырымдамасы Қазақстан астанасының орталығында заманауи институттар кешенін қалыптастыруды көздеген еді. Бүгін біз осы тұжырымдаманың бес жылдығын атап өтіп отырмыз және күш-жігерімізді инфрақұрылымды құрудан іскерлік белсенділікті арттыруға және өңірге инвестициялар салынуына жәрдемдесуге жұмылдыруға біртіндеп көшуді жүзеге асыратын дамудың жаңа кезеңі туралы қуана жарияламақшымыз.

Бұл эволюциялық процесс жаңа тәсілдер мен құралдарға қатысты бүгінгі сұраныс тұрғысынан өте уақытылы болып отыр. Жаңа онжылдық қарсаңында АХҚО-ның жергілікті нарықтарды дамыту, жаңа инвестициялар тарту мен адами капиталды нығайтудағы рөлінің маңызы арта түсуде. АХҚО сонымен қатар ұзақ мерзімді өсу мен дамуға бағытталған үкіметтік бағдарламалардың заманауи және икемді жолсерігі ретінде әрекет етеді.

Бұл есеп АХҚО қызметіне шолуды қамтиды, оның ұзақ мерзімді көзқарасын көрсетеді және жергілікті әрі халықаралық деңгейдегі инвесторлар мен нарық қатысушыларына арналған практикалық шешімдерді ұсынады.



# АЛҒЫСӨЗ

Коронавирус бүкіл әлемге тез таралды және оған қарсы күрес тағы бірнеше жылдар бойы жалғаспақ. Әлемдік экономика қазіргі уақытта Ұлы тоқыраудан кейінгі ең ауыр дағдарысты бастан кешуде. Өнеркәсіптік өндіріс, әлемдік сауда, егеменді қарыз және денсаулық сақтау салаларындағы күрделі құлдырау мен дағдарыс жайлауы жағдайында әр ел күйзелістерге төтеп беруге дайын болудың негізгі қағидаттарын қайта қарастырып, болашақта осындай сын-қатерлер туындаған жағдайда өз позицияларын нығайту үшін барлық қолда бар ресурстарды пайдалануы керек.

Соңғы үш онжылдықта Қазақстанның халықаралық маңызы тұрақты түрде арта түсті. Мемлекет өзінің сауатты сыртқы саясаты мен мықты дипломатиясының, үнемі түрленіп тұратын экономикасы мен серпінді даму үстіндегі қоғам арқасында Орталық Еуразияның қалған елдерінен ерекшеленеді. Бұдан басқа, Қазақстан Еуропа мен Азия арасында дамып жатқан сауда байланыстары үшін өмірлік мәні бар жол түйіні бола отырып, өзінің тиімді географиялық орналасуының артықшылықтарын пайдаланады. Протекционистік қысымға қарамастан, Қазақстан, дегенмен, Племдік экономиканың осы екі ірі аймағы арасындағы өзара байланысқан саудадан пайда көріп отыр.

Қазақстанның жетістіктері айқын және оларды бүкіл ел бойынша – жаңғыртылған автомобиль жолдары мен теміржолдардан бастап заманауи қала қасбеттері мен сауда орталықтарына дейін көруге болады. Ширек ғасырға созылған халықтың көші-қонының арқасында елімізде көптеген шетелдіктер пайда болып, олар үшін Қазақстан жаңа үй мен жұмыс орнына айналғанын біреу білсе, біреу білмес. Адамзат үшін төнген тағы бір қауіп – климаттың өзгеруін ескере отырып, Қазақстан бай энергетикалық ресурстарға,

ауылшаруашылық алқаптарына, ормандар мен қалпына келетін тұщы су көздеріне ие оазис ретінде жағдай ұтымды болып тұр.

Өзінің 5 жылдық мерейтойын атап өте отырып, «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстанның толықтай жүзеге асыруға дайын жаңа деңгейдегі мүмкіндіктерді көрсететін арнайы есеп ұсынады. Бұл ретте, АХҚО рөлі едәуір арта түседі, өйткені қаржы орталығы инвестициялық хаб ретінде де, бизнес-делдал ретінде де әрекет етеді. АХҚО – бұл инвесторлар үшін қаржылық және заң қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін, сондай-ақ шикізат өндіруден бастап, электронды коммерция мен білім беруге дейінгі әртүрлі секторларды дамытуға арналған қаржыландырудың белсенді арнасы болып саналатын бірыңғай терезе.

Барлық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан жекешелендіруді жеделдету, капитал нарығын дамыту, отандық компаниялардың позициясын нығайту, жеке капиталды басқару секторын кеңейту және инвестицияларды тарту орны ретіндегі елдің жағдайын нығайтатын басқа да ірі бастамаларды жүзеге асыру бойынша белгіленген бағытты ұстанады.

Бұл есеп АХҚО-ның институционалды тетіктері, жетістіктері және қаржылық-технологиялық өнімдерден бастап жасыл облигациялар мен озық технологияларға дейінгі алдағы жылдарға амбициясы туралы ақпарат береді.

**ДОКТОР ПАРАГ ХАННА**  
FutureMap негізін қалаушы және басқарушы серіктес





## 1-БӨЛІМ

# Қазақстан экономикасының ағымдағы жай-күйі мен келешегі


Коронавирус пандемиясының салдарынан өсуі болжанған әлемдік экономика енді төмендейді деп қайта қаралды, осы індетке қарамастан, Қазақстан экономикасының әртараптандырылуының жалғасуы, қолайлы саяси климат және елдің күшті негізгі экономикалық көрсеткіштері технология, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, тау-кен өндіру өнеркәсібі, энергетика мен қаржы салаларындағы ұзақ мерзімді инвестициялар үшін тартымдылығын сақтап отыр. Аталған барлық салалар АХҚО үшін басымдыққа ие.

Көп ұзамай, келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік те пайда болмақ. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) соңғы болжамына сәйкес, Қазақстанда экономиканың V-тәрізді қалпына келуі байқалатын болады, экономика ағымдағы қаржы жылы – 2,5%-ға дейін төмендейді, содан кейін 2021 жылы 4,1%-ға күрт өседі деп күтілуде. Орташа мерзімді перспективада ішкі тұтыну деңгейінің өсуіне қарай экономикалық өсім тұрақты

болады деп жорамалданады, бұл негізінен электронды сауданың тез дамуына және электронды төлемнің анағұрлым сенімді жүйелерін қоса алғанда, цифрлық қызметтердің кең спектріне байланысты болмақ.

Қазақстанның тұрақты сыртқы төлем балансы да елге коронавирус пандемиясының теріс экономикалық салдарын еңсеруге көмектеседі. 2019 жылы Қазақстанның мемлекеттік қарызы ЖІӨ-нің шамамен 7,2%-ын құрады. Қарыздың шектеулі болуы және қарызды өтеудің төмен жүктемесі елге экономиканы ынталандыру үшін жеткілікті мүмкіндіктер дәлізін қамтамасыз етеді, өйткені COVID-19-бен байланысты экономикалық өсім қарқынының бәсеңдеу қаупі күшейе түсуде. ТШИ ағындарының шектелуіне қарамастан, соңғы жылдары шетелдік капитал салымының көп бөлігі тартылған тау-кен өндірісі өнеркәсібі, кәсіби қызметтер мен өндіріс саласы әлемдік экономиканың қалпына келуіне байланысты инвестиция салу үшін тартымды болып қала береді.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКСПОРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНЕН МҰНАЙ МЕН ГАЗ ЭКСПОРТЫНЫҢ ПАЙЫЗДЫҚ ҮЛЕСІ (2001-2019ЖЖ.)



Дереккөз: ХВҚ және stat.gov.kz

Сонымен бірге, Қазақстан бұрынғыдай мұнай экспортына тәуелді, сондықтан көмірсутек бағасының бұрын-соңды болмаған төмен деңгейлерге құлдырауы экономиканың өсуін айтарлықтай тежеуі мүмкін.

Дегенмен, мұнай экспортынан кірісінің жалпы экспорттық түсімдегі үлесінің сызбасынан көрініп тұрғандай, Қазақстанның көмірсутегі экспортына тәуелділігі, негізінен, 2009-2010 жж. шарықтау нүктесіне жетті және фискалдық саясат шеңберінде Қазақстан үшін мұнай бағасының шығынсыздық нүктесі 2015 жылы барреліне 115 доллар белгіден 2019 жылы 68,4 долларға дейін төмендеді. Экономиканы әртараптандыру әрекеттерін жүзеге асыру барысына қарай, Қазақстанның мұнай мен газ бағасының өзгеруіне осалдығы төмендей беруі мүмкін. Экономиканың мұнай өндірісімен байланысты емес басты секторларына металлургияны, бейорганикалық химиялық заттар өндірісін, қаржылық қызмет көрсетуді жатқызуға болады.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРТАПАТАНДЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРА ОТЫРЫП

Коронавирус пандемиясына байланысты әлемнің барлық елдерінің үкіметтері бәсекеге қабілеттілікті арттыруға барынша ынталандырылды. Орташа мерзімді перспективада Қазақстанның Экономиканы әртараптандыру бағытындағы әрекеттері бұрынғыдан да ауқымдырақ бола түспек, өйткені еліміз төртінші өнеркәсіптік революцияның (Индустрия 4.0) цифрлық инфрақұрылым мен технологияларын қолданады, сонымен қатар шикізаттық емес секторларды ынталандыру үшін таза энергияны өндіру және тұйық цикл экономикасын ауқымын арттыруда. Қазақстан сондай-ақ қашықтан жұмыс істеу, тікелей байланыссыз логистика мен көлік операцияларды қоса алғанда, соңғы айларда бизнес тарапынан қабылданған көптеген жаңа модельдер алдағы уақыттарда да қолданылатындығын біледі. Жалғасып жатқан салалық әртараптандыруға қосымша мұндай жаңа үлгілерді кеңінен қолдану Қазақстанға Еуразиялық экономикалық одақ пен «Белдеу және жол» бастамасы сияқты түрлі экономикалық блоктармен тығыз ықпалдасуға көмектеседі.





## 2-БӨЛІМ

# «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)

## ӨТКЕНГЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА КӨЗ ТІГУ

АХҚО Қазақстанның 2015 жылы жарияланған «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарының аясында құрылды. Бұған Президенттің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығы мен Конституциялық заңы негіз болды. Кейін АХҚО-ның Басқару жөніндегі кеңесі Орталықтың институттарына ең алдымен капитал нарықтарын дамытуға, исламдық қаржыландыруға, қаржылық технологияларға, активтерді басқаруға және жеке тұлғалардың әл-ауқатына көңіл бөлуге мүмкіндік беретін даму стратегиясын әзірледі.

2018 жылы ресми түрде іске қосылған АХҚО-ның негізгі мақсаты қаржы қызметін дамыту, Қазақстан экономикасына жаһандық инвестицияларды тартуды ынталандыру, сондай-ақ елді экономикалық дамудың неғұрлым жоғары, әрі тұрақты траекториясына шығару болып табылады.

Өңірлік деңгейдегі осындай алғашқы институт бола тұра, АХҚО бизнеске инвестициялардың ағыны мен қорғалуына септігін тигізетін кең платформаны ұсынады. Орталықтың командасына 35 елден 70-тен астам сарапшы мен кеңесшіні тарту АХҚО-на бүкіл әлем бойынша – Нью-Йорк пен Лондоннан бастап Дубай, Гонконг және Сингапурға дейін осындай қаржы орталықтарын дамытудағы үздік білім мен тәжірибені қабылдап алуға мүмкіндік берді.

АХҚО-да Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және/немесе жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген айрықша құқықтық режим қалыптастырылды. АХҚО-ын өңірдегі бизнесті және қаржылық делдалдықты дамытуға арналған басты платформа ретінде қалыптастыру қаржылық қызметтер саласындағы сараптаманың өсуіне қарай жасалған келесі заңды қадам болмақ.

Бұл үшін АХҚО халықаралық серіктестікті ынталандыруға және инвестициялық жобаларды жетілдіруге арналған жан-жақты саясатты әзірлейді. Орталық, сонымен қатар әлемдік деңгейдегі басқа қаржы институттарымен және жетекші жаһандық компаниялармен байланысты нығайта отырып, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды және жылжымайтын мүлікке инвестиция салуды қоса алғанда, ұсынылатын өнімдер мен қызметтер аясын кеңейте түседі.



**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ**  
Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті – Елбасы  
2018 жылғы 26 қаңтар

**«АХҚО-ның жасыл, исламдық, инновациялық қаржы құралдарының өңірлік қаржылық хабына және даму орталығына айналуға барлық мүмкіндігі бар. Ауқымды жекешелендіру аясында бұл жерде республикамыздың ірі тау-кен өндіруші, металлургиялық, мұнай-газ, энергетикалық, көлік және басқа да кәсіпорындарының активтерін орналастыру жоспарлануда».**

# Табыс хронологиясы

**ЖЕЛТОҚСАН 2015**  
«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы туралы»  
ҚР Конституциялық  
заңы қабылданды

**МАМЫР 2016**  
АХҚО-ны басқару  
жөніндегі кеңес АХҚО  
Даму стратегиясын және  
АХҚО органдарының  
құрылымын бекітті

**ҚАҢТАР 2017**  
АХҚО-ның Қаржылық  
қызметтер көрсетуді  
реттеу жөніндегі комитеті  
қызметін бастады

**ҚАРАША 2017**  
АХҚО Биржасы (АІХ) өз  
қызметін бастады

**ҚАҢТАР 2018**  
АХҚО қызметінің  
ресми іске қосылуы

**ЖЕЛТОҚСАН 2015**  
АХҚО әкімшілігі құрылды

**ТАМЫЗ 2016**  
АХҚО-ның Үзіліссіз кәсіби  
даму бюросы іске қосылды

**АҚПАН 2017**  
АХҚО-ның Құқықтық  
Консультативтік  
кеңесі құрылды

**ЖЕЛТОҚСАН 2017**  
АХҚО Соты және  
Халықаралық төрелік  
орталығы құрылды

**МАУСЫМ 2018**  
АХҚО-ның Жасыл қаржы  
орталығы құрылды



**ШІЛДЕ 2018**  
Astana Finance Days  
бірінші форумы өткізілді

**ҚАҢТАР 2019**  
АХҚО Биржасы  
Ұлыбританияның  
Корольдік салық және  
кеден қызметінен (HMRC)  
«танылған қор биржасы»  
мәртебесін алды

**СӘУІР 2019**  
АХҚО-да заң қызметін  
құқықтық реттеу  
мәселелері жөніндегі  
Консультативтік  
топ құрылды. АХҚО  
Биржасында бірінші  
шетелдік эмитент –  
ресейлік Полиметалл  
тау-кен компаниясы  
листингтелді

**ҚАЗАН 2019**  
АХҚО Asia Money 2019  
марапатын алды

**АҚПАН 2020**  
Шеврон және Теңізшевройл  
компаниялары Қазақстандағы  
дауларды шешу үшін АХҚО  
Сотын және Халықаралық  
төрелік орталығын таңдады

**МАМЫР 2020**  
Құқықтық  
технологияларды дамыту  
жөніндегі Консультативтік  
кеңес құрылды

**ҚАРАША 2018**  
АХҚО Биржасында  
сауда-саттықтың ресми  
басталуы – ҚР Тұңғыш  
Президенті – Елбасы  
Нұрсұлтан Назарбаевтың  
қатысуымен  
Қазатомөнеркәсіп  
ұлттық компаниясының  
IPO-сы өтті

**АҚПАН 2019**  
АХҚО Соты және  
Халықаралық төрелік  
орталығы ejustice  
электрондық сот төрелігі  
жаңа жүйесін іске қосты

## **ШІЛДЕ 2019**

Astana Finance Days екінші  
форумы өтті. АХҚО-ның  
Қаржылық қызметтер көрсетуді  
реттеу жөніндегі комитеті  
Бағалы қағаз жөніндегі  
комиссиясы халықаралық  
ұйымымен Өзара түсіністік  
туралы көп тарапты  
меморандумға қол қойды

**ҚАҢТАР 2020**  
Thomas Murray Consulting  
АХҚО Биржасының  
Орталық депозитарийінің  
тәуекелін А деңгейінде  
бағалады, бұл тәуекелдің  
төмен екенін білдіреді

**НАУРЫЗ 2020**  
ХҚО Биржасында қытайлық  
юаньмен берілген  
облигациялардың алғашқы  
листингі, сондай-ақ ислам  
облигацияларының алғашқы  
кросс-листингі өтті



**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ**

Қазақстан Республикасының Президенті  
2020 жылғы 11 мамыр

«Шетел капиталы үшін бәсекелестік артқан кезде әрбір қаржыгермен тікелей жұмыс істеуге баса мән беру қажет. Әр инвесторға арналған жекелеген қолдау шаралары қолға алынуы керек. Сол шараларды басымдылығына және тұтас экономикаға тигізетін нақты әсеріне қарай қабылдаған жөн. Осы маңызды жұмыс барысында Үкімет басымдығы бар салалардағы стратегиялық инвесторлар

үшін бүкіл инвестициялық заңнаманың тұрақтылық режимін қамтамасыз етуге тиіс.

Біз инвестиция тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін тиімді пайдалануымыз керек. Бұл мемлекеттік активтерді жекешелендіру барысында аса маңызды болмақ.

Сонымен қатар бизнестегі дау-дамайлар кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының төрелігін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Ұлттық компанияларымызға тиесілі жекелеген құрылымдарды шетелдік заңнаманың аясынан «Астана» халықаралық қаржы орталығының құзырына біртіндеп көшіруді бастаған жөн».





Жаңа нарықтардың анықталуына қарай, АХҚО өз күш-жігерін ең алдымен көрші елдерге бағыттай отырып, біртіндеп Шығыс Азия мен Батыс Еуропаға ауысу арқылы екі кезеңдік кеңеюге кіріседі.

АХҚО өзінің ерекше құқықтық режимін, LegalTech шешімдерін одан әрі дамытып, заңгерлік қызметтерді реттеуге бұрынғыдай баса назар аударады. АХҚО мен Халықаралық төрелік орталығының (ХТО) қызметтерінің аясы тегін құқықтық өкілеттілік, дауды ХТО-да шешу және үшінші тұлғалардың сот процестерін қаржыландыру сияқты қызметтермен толығады. Сондай-ақ, қайта сақтандыру және кэптивті сақтандыру нарықтарына да ерекше көңіл бөлінеді.

Бұған қоса, АХҚО егеменді активтерді басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру және отандық индустрияны дамыту мақсатында жетекші халықаралық компанияларды шоғырландыруға баса назар аударатын болады.

Сонымен қатар АХҚО-ның қолайлы реттеу және салық режимдері отандық және халықаралық инвесторлардың ұжымдық инвестициялаудың түрлі тетіктерін пайдаланғанын құптайды.

Бұл құралдар отандық та, шетелдік те басқарушы компанияларға үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес инвестициялық қорларды құруға және инвестициялық активтерді иелену және басқару бойынша мәмілелерді тиімді құрылымдауға мүмкіндік бере отырып, активтерді тиімді шекарааралық басқару үшін қолданылуы мүмкін.

АХҚО қорларға әкімшілік жүргізу бойынша қызметтерді одан ары дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру арқылы бизнес экожүйелерді жақсартуға күш салады. Бұдан басқа, Орталық Азияда алғаш рет, нақты АХҚО-да жеке капиталды тиімді құрылымдауға, қаржыларды басқаруға және мұрагерлікті жоспарлауға мүмкіндік беретін ағылшын құқығы қағидаттарына негізделген траст – сенімгерлік меншік тұжырымдамасы енгізілді.

ведущих мировых финансовых центров. По мере роста экспертизы в области финансовых услуг, следующим закономерным шагом станет формирование МФЦА в качестве ключевой платформы для финансового посредничества и развития бизнеса в регионе.

Для этого МФЦА разрабатывает всестороннюю политику для стимулирования международного

партнерства и совершенствования инвестиционных процессов. Центр также укрепляет связи с другими финансовыми институтами и ведущими глобальными компаниями на мировом уровне, при этом расширяя спектр предлагаемых продуктов и услуг, включая финансирование сельского хозяйства, инвестиции в недвижимость.

По мере выявления новых рынков МФЦА приступит к двухэтапному расширению, сосредоточив свои усилия в первую очередь на соседних странах, постепенно продвигаясь в Восточную Азию и Западную Европу.

МФЦА продолжит фокусироваться на дальнейшем развитии своего особого правового режима, LegalTech решений и регулирования юридических услуг. Спектр услуг Суда МФЦА и Международного арбитражного центра (МАЦ) пополняют такие услуги, как бесплатное юридическое представительство, разрешение спора в МАЦ и финансирование судебных процессов третьими лицами. Также особое внимание, вероятно, будет уделено рынкам перестрахования и кэптивного страхования.

Кроме того, МФЦА будет уделять приоритетное внимание локализации ведущих международных компаний в целях повышения эффективности и прозрачности управления суверенными активами и развития отечественной индустрии.

Благоприятный регуляторный и налоговый режимы МФЦА также поощряют использование различных механизмов коллективного инвестирования отечественными и международными инвесторами. Эти инструменты могут быть использованы для эффективного трансграничного управления активами, позволяя как отечественным, так и иностранным управляющим компаниям учреждать инвестиционные фонды в соответствии с лучшей международной практикой и эффективно структурировать сделки по владению и управлению инвестиционными активами.

МФЦА прилагает усилия для улучшения бизнес экосистем путем создания благоприятных условий для дальнейшего развития услуг по администрированию фондов. Помимо этого, впервые в Центральной Азии, именно в МФЦА была внедрена концепция траста – доверительной собственности, основанной на принципах английского права, которая позволяет эффективное структурирование частного капитала, управление финансами и планирование наследования.

## «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ


### Пайымы, миссиясы және мақсаты

АХҚО-ның пайымы Орталық Азия, Кавказ, Еуразиялық экономикалық одақ, Батыс Қытай, Монғолия мен Шығыс Еуропаның (бұдан әрі – «өңір») жетекші халықаралық қаржылық орталығы ретінде қалыптасуымен сипатталады. АХҚО-ның миссиясы инновациялық қаржылық өнімдер мен қызметтердің спектрін пайдалану арқылы тұрақты экономикалық дамуға көмектесу болып табылады. АХҚО-ның тұрақты дамуының стратегиялық бағыттары тұйық цикл экономикасын дамыту, физикалық және цифрлық инфрақұрылымға инвестиция тарту, сондай-ақ цифрлық сауданы қамтамасыз ету үшін төртінші өнеркәсіптік революцияның (Индустрия 4.0) жетістіктерін пайдаланудан құралады. АХҚО елдің экономикалық дамуына мынадай тәсілдермен септігін тигізеді:

- Қаржылық қызмет саласындағы инвестициялар үшін тартымды ортаны құру;
- Бағалы қағаз нарығын дамыту және оны капиталдың халықаралық нарықтарымен ықпалдастыру;
- Сақтандыру нарықтарын, банктік қызметтерді, исламдық қаржыландыруды, қаржылық технологияларды, электрондық коммерцияны және инновациялық жобаларды дамыту;
- Жетекші халықаралық практикалар негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту;
- АХҚО-ның қаржы орталығы ретінде халықаралық деңгейде танылуына қол жеткізу.



## АХҚО-НЫҢ ЖАҢАНДЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІ





## АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Қызметі ресми іске қосылған сәттен бергі үш жылдың қорытындысы бойынша АХҚО ірі халықаралық банктер мен инвестициялық компанияларды өз алаңына тартып, олармен ынтымақтастығын жалғастыруда, ал Орталық ұсынатын өнімдер мен қызметтердің деңгейі өз қызметін ұзақ уақыт бойы жүргізіп келе жатқан Дубай халықаралық қаржы орталығы мен Сингапур ақша-несие басқармасының ұсынатын өнімдері мен қызметтерімен салыстыруға келеді. Сонымен қатар АХҚО-ын Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы, Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңес, Исламдық қаржы мекемелері үшін бухгалтерлік есеп пен аудит ұйымы, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті және басқа да беделді институттар мойындады.

АХҚО-ның өңір үшін бірегейлігі, оның Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне, сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген құқықтық режимде жұмыс істейтіндігінде. Орталықта тәуелсіз сот жүйесі, жекеменшік төрелік орталығы, қаржылық қызметтердің тәуелсіз реттеушісі жұмыс істейді, ал ресми тіл ретінде ағылшын тілі қолданылады. АХҚО-да сонымен қатар Орталықтың құқықтық және реттеуші базасында озық әлемдік тәжірибені қолдану мәселелерінде қолдау көрсетуді қамтамасыз ету үшін құрылған Құқықтық Консультативтік Кеңес (ҚКК) әрекет етеді. ҚКК құрамына Baker McKenzie, White & Case, Herbert Smith Freehills, Hogan Lovells, Norton Rose Fulbright, Michelmores және 3 Verulam Buildings (3VB) сияқты жетекші заңгерлік фирмалар мен адвокаттық палаталардың өкілдері кіреді. АХҚО-да жетекші халықаралық сарапшылардан тұратын заңгерлік қызметті құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі Консультативтік топ заңгерлік қызмет нарығын дамыту үшін озық тәжірибелерді ендіреді.

Өңірде ашық әрі тиімді тәсілмен тартымды инвестициялық жобалардың іске асырылуын

<sup>1</sup> Толығырақ ақпарат «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-VЗРК (2020 жылғы 11 қаңтарда күшіне енген 2019 жылғы 30 желтоқсандағы өзгерістермен қоса) Конституциялық заңында көрсетілген.

қамтамасыз ететін бірқатар тетіктердің арқасында АХҚО соңғы үш жылда өз қызметінің ауқымын күрт ұлғайтты. Қазіргі кезде Орталықта 40-тан астам елден 470-тен астам компания тіркелді, олардың қатарында Ernst&Young, Қытай Даму Банкі, Қазақстан энергетикалық қайта сақтандыру компаниясы бар. Сонымен қатар Орталық NASDAQ, Goldman Sachs, Жібек жолы қоры мен Шанхай қор биржасын қоса алғанда, әлемнің басты қаржы институттарымен серіктестік қарым-қатынас орнатты, сондай-ақ экономиканың әртүрлі секторларында 100-ден астам стартаптың қалыптасуына септігін тигізді.

Жасанды интеллект және биотехнологиялар сияқты жылдам өсіп келе жатқан секторларға басымдық беру жаһандық инвестицияларды тарту бойынша стратегияның бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар Орталық салықтық жеңілдіктер ұсынады, олар әдетте сектордың таңдалуына байланысты болмайды. АХҚО туралы Конституциялық заңда көзделген қызметтерді ұсынатын қатысушылар АХҚО юрисдикциясындағы объектілерге қатысты мүлік пен жер салығын төлеуден босатылады. Бұдан басқа АХҚО қатысушылары жұмысқа қабылдаған шетел азаматтары АХҚО қатысушыларымен жасалған еңбек шарттары бойынша алынған табысқа салынатын жеке салықты төлеуден босатылады. Орталық өз қатысушыларына қаржылық қызмет, исламдық банктік қызмет, қайта сақтандыру, брокерлік сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін көрсетуден алынған табысқа салынатын корпоративтік және жеке салықтарды төлеу бойынша жеңілдік ұсынады.<sup>1</sup>

**«Қол жеткізген табысымыз Қазақстанға халықаралық ойыншыларды көбірек тарта алатындығына сенімдіміз. Біз мықты қолдаумен қатар шетелдік инвесторлардың да күшті қолдауын, сондай-ақ қазақ халқының керемет қонақжайлылығын сезіндік».**

**ВАЛЕРИЙ ВАВИЛОВ**

Негізін қалаушы және Бас директор  
Bitfury







### Корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіру

Корпоративтік басқарудың тиісті практикасы ұзақ мерзімді перспективада табысты қамтамасыз етуде маңызды элемент болып табылатынын мойындай отырып, АХҚО корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіру үшін бірқатар шара қолданды. Лондонда орналасқан Іскерлік әдеп институтымен бірлесіп, Әдеп кодексі әзірленді. Корпоративтік басқару саласындағы халықаралық сарапшылар мен Ұлыбританияның қаржылық және ілеспе кәсіби қызметтер ұсынатын TheCityUK жетекші институтының қатысуымен АХҚО органдары үшін төмендегілерді көздейтін корпоративтік басқару қағидаттары әзірленді:

- компаниялардың басында тұратын компанияның ұзақ мерзімді табысына қол жеткізуге және оның акционерлері үшін құндылықты құруға көмектесетін басқарма негізгі мүдделі тараптарға қатысты тиісті жауапкершілікпен әрекет етуін және Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялар жағдайында елдің тұрақты экономикалық дамуына үлес қосуын қамтамасыз ету;
- компанияларда оларды қисынды, әрі тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін ұжымдық жауапкершілік атқаратын тиімді басқарманың әрекет етуін кепілдеу;
- саясат пен тәжірибенің компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.<sup>2</sup>

Осы аталған негізгі стандарттармен қатар Қазақстанда басқарма корпоративтік басқарудың келісілген қағидаттары мен белгіленген ережелерін ұстануы тиіс деп болжамдайтын корпоративтік басқару қағидатына негізделген тәсіл қолданылатынын айта кеткен жөн. Мұндай тәсіл акционерлер мен компания арасында ашық және тиімді қарым-қатынастың құрылуына септігін тигізеді, бизнесті жүргізу шығындарын азайтады және көбіне инновацияларға қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар 2021 жылы АХҚО Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасын іске асыруды жоспарлап отыр, бұл инвесторлар мен олардың отбасы мүшелеріне ұзақ мерзімді виза алуға және шетел мемлекетіндегі көзден алынатын табысқа салық салудан босауына мүмкіндік береді.

Өзінің одан әрі дамуы аясында АХҚО білім беру технологияларына, сондай-ақ неғұрлым тұрақты өсуді қамтамасыз ететін тұйық цикл экономикасын дамытуға көбірек көңіл бөледі. Биылғы жылдың басты оқиғалары қатарында АХҚО-ның кеңселік кеңістігі аумағында (72 мың ш.м.) Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революцияның Үлестес орталығының ашылуы жоспарланып отырғанын атауға болады, ол әлемдік класс деңгейіне жауап береді және әлемнің ірі қаржылық мекемелерін орналастыруды жоспарлап отыр.

Бүгінгі таңда Astana Hub және Халықаралық жасыл технологиялар орталығы өз қызметін бұл кеңістіктен тыс жерде жүзеге асыруда.

**«АХҚО-да өзінің тіркелген орнын ауыстырған бірінші компания бола тұрып, біз Орталықтың артықшылықтарын біріншілер қатарында пайдаландық және өзіміздің бас холдингімізге тиесілі қайта сақтандыру компаниялары бойынша қызмет ұсыну мақсатында, қамтуды кеңейту үшін өзіміздің сақтандыру нарығындағы үлкен тәжірибеміз бен білімімізді қолдануды жалғастырып келеміз.**

**Біздің ойымызша, Қазақстандағы және осы өңірдегі сақтандыру нарығы жақын арада жақсы қарқынмен өседі, және осындай игерілмеген нарыққа көшуіміз дер кезінде жасалған қадам болғанына сенімдіміз. Біз АХҚО-на лицензия алу барысында қолдау көрсеткені үшін өз ризашылығымызды білдіреміз, осының арқасында компаниямыздың тіркеуін ауыстыру процесі жылдам әрі еш кедергісіз, рекордтық қысқа мерзімде өтті».**

#### **ТАЛҒАТ ТҰРСЫМБЕКОВ**

Бас атқарушы директор  
Қазақстандық энергетикалық қайта сақтандыру компаниясы

<sup>2</sup> Қағидаттардың толық тізімі Ұлыбритания мен Қазақстандағы Корпоративтік басқару жөніндегі Жұмыс тобының есебінде көрсетілген, TheCityUK және «Астана» халықаралық қаржы орталығы, 2020 жылдың сәуір айы.



# АХҚО-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



АХҚО ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ



## ГРУППА МФЦА



АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес – бұл Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын және АХҚО-ның ең жоғарғы басқару органы болып табылатын тұрақты әрекет ететін алқалық орган. Кеңес АХҚО-ның стратегиялық даму бағыттарын белгілейді және АХҚО-ны жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде таныту үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі.

---



АХҚО әкімшілігі қаржылық қызметті реттеу саласына қатысы жоқ мәселелер бойынша актілерді әзірлеу және орталықтың даму стратегиясын жасау үшін жауапты орган болып табылады. Қаржылық архитектурамен жаһандық ықпалдастықты кеңейту үшін АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен және инвестициялық компаниялармен де байланыс орнатады.

---



АХҚО Соты АХҚО шеңберінде азаматтық және коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы болып табылады. Жалпы құқық саласындағы 10 жоғары білікті соттан тұратын сот қылмыстық немесе әкімшілік дауларды қоспағанда, азаматтық және коммерциялық дауларды шешу барысында айрықша юрисдикцияға ие.

---



АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті нарықтық қызметтің барлық түрлерінің ықпалдастырылған реттеушісі, АХҚО-на қосалқы қызметтер мен компанияларды жеткізуші болып табылады. Комитеттің миссиясы АХҚО аясында қаржылық жүйелер мен капитал нарықтарының әділ, әрі ашық жұмысын қамтамасыз етуден тұрады.

---



Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) АХҚО шеңберінде азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғарғы халықаралық стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот талқылауының тәуелсіз баламасын ұсынады. ХТО алқасына 37 құрметті халықаралық төреші мен медиатор кіреді.

---



АХҚО Құқық академиясы заңгерлік қоғамдастықты АХҚО-ның құқықтық жүйесімен таныстыруды көздейді. Академия білім беру және ақпараттық іс-шараларды, сондай-ақ АХҚО қызметі мен оның юрисдикциясы туралы хабардарлықты арттыру үшін материалдардың жариялануын ұйымдастырады.

---



АХҚО Биржасы жергілікті және шетел инвесторларын тарту үшін түсінікті және қолайлы жағдайды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке бизнес пен жалпы экономиканың өсуін қаржыландыру үшін платформа құру арқылы Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде сенімді, әрі өтімді капитал нарығын дамыту үшін құрылды.



Үзіліссіз кәсіби даму бюросы – бұл АХҚО аясындағы кәсіби даму орталығы. Бюро бухгалтерлік есеп, қаржы, тәуекелдерді басқару, адам ресурстары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және корпоративтік басқару сияқты салаларда үзіліссіз кәсіби дамуға мүмкіндік бере отырып, өңірде жоғары білікті жұмыс күшін құруды мақсат етеді.



АХҚО Business Connect қызметі өңірге тікелей инвестицияларды тартуға көмектесуге бағытталған және Қазақ Инвест жұмысына қосымша жүзеге асырылады. Business Connect өз жұмысында инвесторлардың және бүкіл халықаралық бизнес-қоғамдастықтың мүддесінде әрекет етеді.



АХҚО Финтех Хабы АХҚО қызметінің негізгі бағыттарында табысты қамтамасыз ету үшін жаңа қаржылық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен қарқынды қаржы-технологиялық экожүйені дамытуды өзіне мақсат етеді. Қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, қаржы-технологиялық компаниялар мен инвесторларды біріктіретін бұл жүйе Қазақстанға инновациялық технологиялар саласында жаһандық финтех хабы және өңірлік көшбасшы болуға мүмкіндік береді.



Жасыл қаржы орталығы үкіметтік, қаржылық мекемелер мен кәсіпорындарға стратегиялық шешімдер, оның ішінде жасыл облигацияларды шығаруда көмек ұсына отырып, АХҚО-ны жасыл қаржыландыру хабы ретінде ідгерілетеді.



АХҚО-ның Экспат-орталығы «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді және 500-ден астам мемлекеттік қызметті алуға көмектеседі. Орталық шетел азаматтары мен олардың отбасыларына визалық қызмет алуға, салық төлеуге, полиция органдарында тіркелуге көмектеседі, сондай-ақ денсаулық сақтау, балаларға білім беру, көлік, тұру және т. б. мәселелер бойынша кеңес береді.



## БАСТЫ ТҰЛҒАЛАР – АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

---

**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ  
АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ  
КЕҢЕСТІҢ ҚҰРМЕТТІ ТӨРАҒАСЫ

---

**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ**  
ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ  
КЕҢЕСТІҢ ТӨРАҒАСЫ

---

**АСҚАР МАМИН**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ  
АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС  
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

---

**ЕРҰЛАН ЖАМАУБАЕВ**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ МИНИСТРІ

---

**РУСЛАН ДӘЛЕНОВ**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ

---

**ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

---

**ҚАЙРАТ КЕЛІМБЕТОВ**  
АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

---

**ДОКТОР ДЖЕЙКОБ ФРЕНКЕЛЬ**  
GROUP OF THIRTY (G30)  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ  
ТӨРАҒАСЫ ЖӘНЕ JPMORGAN CHASE IN  
TERNATIONAL БҰРЫНҒЫ ТӨРАҒАСЫ

---

**ДОКТОР БАНДАР ХАДЖАР**  
ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ  
ТОБЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

---

**СЭР СУМА ЧАКРАБАРТИ**  
ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ  
ДАМУ БАНКІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ

---

**GERMAN GREFF**  
ПРЕЗИДЕНТ, «СБЕРБАНК РОССИИ» ЖАҚ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

---

**АРКАДИЙ ВОЛОЖ**  
«ЯНДЕКС» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ  
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ  
ЖӘНЕ БАС ДИРЕКТОРЫ

---

**ДЖУЛИ МОНАКО**  
ҮКІМЕТТЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ  
ЖАҒАНДЫҚ БЛОГЫНЫҢ  
БАСШЫСЫ, СІТІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАНК

## БАСТЫ ТҰЛҒАЛАР – АХҚО ТОБЫ

---

**КАЙРАТ КЕЛІМБЕТОВ**  
АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

---

**НҰРЛАН ҚҰСАЙЫНОВ**  
АХҚО әкімшілігінің  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

---

**ЛОРД МАНС**  
АХҚО СОТЫНЫҢ  
ТӨРАҒАСЫ

---

**БАРБАРА ДОМАНН ҚС**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (ХАО)  
ТӨРАЙЫМЫ

---

**ЛЕДИ БАРБАРА ДЖАДЖ СВЕ**  
АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ  
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР  
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

---

**МҰХТАР БӨБЕЕВ**  
АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ  
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ  
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ m.a.

---

**КРИСТОФЕР КЭМПБЕЛЛ-ХОЛТ**  
АХҚО ЖӘНЕ ХТО ТІРКЕУШІСІ  
ЖӘНЕ БАСШЫСЫ

---

**ПРОФЕССОР АЛЕКСАНДР ВАН ДЕ ПУТТ**  
АХҚО-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ТӨРАҒАСЫ

---

**ТИМОТИ БЕННЕТТ**  
АХҚО Биржасының  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

---

**ДЖЕЙМС МАРТИН**  
АХҚО BusinessConnect  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

---

**ӘСИЯ КӘРІБАЙ**  
АХҚО-ның Үздіксіз кәсіби даму бюросының  
БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

---

**ӘСЕЛ НҰРАХМЕТОВА**  
АХҚО-ның Жасыл қаржы орталығының  
БАС ДИРЕКТОРЫ

---

**НҰРЛАН ТОЙЫМБЕК**  
АХҚО-ның Экспат-орталығының  
БАСШЫСЫ

---

**ФАРХАД НҰРҚАМАЛОВ**  
АХҚО-ның Финтех хабының  
БАСШЫСЫ

---

**МАЙКЛ БЛЭР, ҚС**  
АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК  
Кеңесінің ТӨРАҒАСЫ

---

**КРИС КЕННИ**  
АХҚО-НЫҢ ЗАҢ ҚЫЗМЕТІН  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК  
топтың ТӨРАҒАСЫ

---

**МАРК БИР, ОВЕ**  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ  
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ  
КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ  
ТӨРАҒАСЫ

---

**ДЭВИД ГАЛЛО**  
АХҚО Құқық академиясының  
БАСҚАРУШЫСЫ

## АХҚО ЦИФРЛАРДА (2020 ЖЫЛДЫҢ МАМЫР АЙЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



40-тан астам елден  
Компания АХҚО  
тобына кіреді



АХҚО Биржасында (АИХ)  
листингтелген компанияларды  
жалпы нарықтық  
капиталдандырылуы



АХҚО қатысушыларының  
мәлімденген инвестициялық  
белсенділігі



АХҚО платформасында  
бастамашылық  
жасалған Стартап



FinTech Lab AFSA-ға  
қабылданған (АХҚО-  
ның «реттеуші құм  
алаңы») Компания



Қазіргі кезде 35 елден  
Сарапшы мен кеңесші  
АХҚО-да жұмыс істейді



АХҚО-ның Экспат-  
орталығы адамға  
қызмет көрсеткен



Іске қосылған сәтінен бастап  
АХҚО мен ХТО Сотында шешімін  
тапқан сот және төрелік істері,  
сондай-ақ медиация процестері



Тараптардың мүддесінде  
әрекет ету құқығымен  
АХҚО сотында тіркелген  
20 елден заңгер



АХҚО-ның жалпы қолданыстағы  
және қаржылық қызметі  
бойынша қабылданған актісі



## 3-БӨЛІМ

# Негізгі мүмкіндіктер

---

Саны өсіп келе жатқан Еуразия елдері үшін басты экономикалық серіктес бола тұра, Қазақстан өзінің өңірлік хаб ретіндегі позициясын нығайтуды одан әрі жалғастыруда. 2014 жылдан бері еліміз Қытай, Ресей, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеттерімен логистиканы жақсарту мақсатында құрғақ порт, жаңа әуежай және 20 мыңдай шақырым жол құрылысына бірнеше миллиард АҚШ долларын инвестициялады. Сонымен қатар Қазақстан Оңтүстік Корея және Ұлыбритания елдері сияқты қиыр шетелдегі елдермен де экономикалық байланысты кеңейтуде. Бұл байланыстардың кеңеюіне қарай транзиттік әуе- және темір жол жүк тасымалы көлемі тұрғысынан да, жөнелту және жеткізу орындарының алуан түрлілігі тұрғысынан да ұлғая түседі.

Қазақстанның экономикалық серіктестік қатынастарының кеңеюі елімізге түрлі елдерден тікелей шетелдік инвестициялардың ағылуына септігін тигізді. 2015-2019 жж. Қазақстанға салынған қытайлық ТШИ үлесі өзгеріссіз деңгейде болды және жалпы көлемнен шамамен 6%-ды құрады, бұл ретте Нидерландының үлесі 28,1%-дан 32%-ға, АҚШ – 10%-дан 19%-ға, ал Швейцария – 6,3 %-дан 11,7%-ға ұлғайды. Инвестициялық басымдықтарының аясы кең елдерден ТШИ ағынының қарқындырақ болуы Қазақстан экономикасын әртараптандыруды ұлғайтуға септігін тигізеді. Негізгі басымдықты секторлардың қатарында:



## 1 ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

### АХҚО-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ

АХҚО-да қаржылық қызметтердің толыққанды реттеу қоры құрылған

	Дәстүрлі құралдар	Исламдық қаржы	Жасыл/тұрақты қаржы	Технологиялық/цифрлық құралдар
<b>Бағалы қағаздар және капитал нарығы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Акциялар (жай акциялар және ЖДҚ)</li> <li>Дәстүрлі облигациялар</li> <li>Биржалық инвестициялық қорлар/ Биржалық индекстік ноталар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сукук (корпоративтік, егеменді)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жасыл облигациялар (*)</li> <li>Әлеуметтік облигациялар (☺)</li> <li>Жасыл қорлар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сауда платформасы</li> <li>Мультивалюталық сауда (*)</li> <li>Букбилдингке арналған платформа</li> <li>РЕПО (☺)</li> <li>Бағалы қағаздармен кредиттеу бойынша қызметтер</li> <li>Айырбастау: ЖДҚ-&gt; жай акциялар (☺)</li> </ul>
<b>Сақтандыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сақтандыру/ қайта сақтандыру</li> <li>Кәптивтік сақтандыру</li> <li>Сақтандыру делдалдары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>акафул / Ретакафул</li> <li>Такафул операторы</li> <li>Делдалдар</li> </ul>		
Андеррайтинг / кепілдіктер/ кепілгерлік / актуарий қызметтері				
<b>Корпоративтік банктік қызмет көрсету / Жеке банктік қызмет көрсету/ Жеке капиталды басқару</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Корпоративтік банктік қызмет көрсету – дәстүрлі/исламдық (Шариғат заңдары бойынша қаржыландыруды қоса алғанда)</li> <li>Жеке банктік қызмет көрсету (отбасылық кеңселерді қоса алғанда)</li> <li>Депозиттер, кредиттік желілер, коммерциялық/ синдикалталған қарыздар, ЭКА кепілдігімен несие беру</li> <li>Корпоративтік қаржы, Дискрециялық мандаттар/ Консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған мандаттар, консалтингтік қызметтер (*), мәмілелерді ұйымдастыру және сақтау, бірігу және қосып алу</li> <li>Сауданы қаржыландыру (оның ішінде кредиттік желі, кепілдіктер, айналым капиталы, жеткізілімдер тізімін қаржыландыру бойынша шешімдер)</li> <li>FICC – Табысы бекітілген құралдар, валюта және шикізат тауарлары</li> </ul>			<ul style="list-style-type: none"> <li>Аударымдар/ ақша айырбастау</li> <li>Robo-консультациялар</li> <li>Цифрлық (мобильді) банкинг (☺)</li> <li>Төлемдер және электрондық ақша (☺)</li> </ul>
<b>Активтерді басқару</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қорлар (оның ішінде инвестициялық жылжымайтын мүлік қорлары, хедж-қорлар), тікелей инвестициялар,</li> <li>Ұжымдық инвестициялау схемасы (Қорды әкімшілендіру, брокерлік/дилерлік қызмет)</li> <li>Жеке қор, трасттық компания, активтерді басқару компаниясы</li> <li>Инвестицияларды басқару (шектелген PSIA, жылжымайтын мүлік)</li> </ul>		<ul style="list-style-type: none"> <li>Жасыл инвестициялар (Қорды әкімшілендіру, брокерлік/ дилерлік қызмет)</li> </ul>	
<b>Балама қаржыландыру/ инновациялар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Арнайы мақсаттағы компаниялар арқылы инфрақұрылымды қаржыландыру</li> <li>Құрылымдалған өнімдер, секьюриттеу</li> <li>Активтер негізінде қаржыландыру (қорларды қаржыландыру, лизинг/жалгерлік, жылжымайтын мүлік, әуе кемелері, лизинг)</li> </ul>		<ul style="list-style-type: none"> <li>Жасыл/ Таза технологиялар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Реттеуші технологиялар</li> <li>Заң технологиялары</li> <li>Краудфандинг (*)</li> </ul>

☺ Іске қосылуы күтілуде



жасыл қаржы және исламдық қаржы саласындағы қызметтер үшін сыртқы тексеру талап етіледі



Қазақстан аумағында тек АХҚО-да қолжетімді

\* Қосалқы қызметтер (заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық, рейтингтік (\*), консалтингтік (\*), генттіктер, корпоративтік қызметтерді жеткізушілер, электрондық коммерция)

АХҚО-ның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстанға халықаралық стандарттарға сәйкес әлемдік деңгейдегі қаржылық хаб ретінде қалыптасуына көмектесу. Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет АХҚО-да жаңа бизнесті құруға қолдау көрсету мақсатында жаңа құқықтық құралдарды ендіре отырып және қолданыстағы заңнаманы жетілдіре келе, ішкі және өңірлік режимдердің синергиясын қамтамасыз ету үшін реттеу режимін бейімдеді. Новаторларға қаржылық технологияларды енгізу және исламдық қаржы туралы заңнаманы енгізу алдында аталған технологияларды тестілеуге мүмкіндік беретін АХҚО Биржасының, Жасыл қаржы орталығының, FinTech Lab «реттеуші құм алаңының» ашылуымен қаржылық қызметтердің әлемдік экожүйесінде АХҚО-ның рөліне қатысты өсіп келе жатқан оптимизм байқалады.

2019 жылдың соңына қарай АХҚО банктік қызмет көрсету, сақтандыру, капитал нарықтары, жеке тұлғалардың дәулетін басқару, активтерді басқару, исламдық қаржы сияқты дәстүрлі қаржылық қызметтердің, сондай-ақ краудфандинг, жеке электрондық валюта, трасттық қызметтер және т. б. қоса алғанда, жаңа қаржылық қызметтердің кең аясын қамтамасыз ететін қаржылық қызметтердің толыққанды реттеуші базасын жасады.

Одан басқа, жеке капиталды басқару күннен-күнге көлеңкеден шығуда, бұл тұрғыдан халықаралық инвесторларға АХҚО-ның үздік тәжірибеге сәйкес табысты қаржылық өнімдеріне инвестициялау мүмкіндігі беріледі, олардың қатарында:

К концу 2019 года МФЦА создал полноценную регуляторную базу финансовых услуг, обеспечивающую полный спектр традиционных финансовых услуг, таких как банковское обслуживание, страхование, рынки капитала, управление благосостоянием частных лиц, управление активами, исламские финансы, а также новые финансовые услуги, включая краудфандинг, частная электронная валюта, трастовые услуги и т.д.

Кроме того, управление частным капиталом все больше выходит из тени, и в данном контексте международным инвесторам предоставляется возможность инвестирования в успешные финансовые продукты МФЦА,

отвечающие ведущей передовой практике, к которым относятся:

- **Облигациялар** — Қазақстанның облигациялар нарығында АХҚО Биржасында облигациялар алғаш шығарылған сәттен бастап өсу байқалады. Ұсынылатын құралдардың аясы да біраз кеңейді. АХҚО Биржасында 2018 жылдың қарашасында 1,05 млрд еуро көлемінде тәуелсіз еурооблигациялардың дебюттік шығарылымы инвесторлар тарапынан үлкен сұраныс тудырды. Айтарлықтай жақын арада, 2020 жылдың наурызында биржаның листингіне алғаш рет юаньмен номинацияланған облигациялар және бірінші исламдық облигациялар қосылды.

АХҚО Биржасы жаңандық инвесторларға жергілікті шығарылым қағаздарына қарағанда валюталық тәуекелді азырақ қабылдауға мүмкіндік бере отырып, таяуда ағылшын құқығымен реттелетін, BBB рейтингіне ие, теңгемен берілген облигациялар бойынша ұсынысты кеңейтуді жоспарлап отыр.

Келешекте Еуропа мен Солтүстік Америкадағы пайыздық мөлшерлемелер төмен деңгейде қалған жағдайда, оң табыстылықпен BBB деңгейінің рейтингілері берілген қазақстандық борыш қағаздар көптеген AAA рейтингілі облигациялар бойынша нәлдік немесе теріс табыс есептелетін қағаздарға ақша салмауға тырысатын инвесторлар үшін неғұрлым тартымдырақ болуы әбден мүмкін.

- **Акциялар** — 2018 жылдың қарашасында АХҚО Биржасында акциялардың алғашқы саудасаттығы өтті. 2020 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша АХҚО Биржасында 36 эмитенттің, оның ішінде 2 биржалық инвестициялық қордың бағалы қағаздарының 53 шығарылымы орналастырылды. Іске қосылған сәттен бастап АХҚО Биржасында 2,8 млрд АҚШ доллары көлемінде жария облигациялардың, 2,2 млрд АҚШ доллары көлемінде жеке облигациялардың листингі өтті, тартылған акционерлік капиталдың көлемі 217 млн АҚШ долларын құрады. Биржада листингіленген компаниялардың жалпы нарықтық капиталдандырылуы 2020 жылдың мамырында 15,4 млрд АҚШ долларын құрады.



АХҚО Биржасында жақында болған акциялардың алғашқы жария ұсынымдары (IPO) арасында әлемдегі ең ірі уран өндірушісі (2018 жылдың қараша айындағы жағдай бойынша) – Қазатомөнеркәсіптің IPO-сын атап өтуге болады. АХҚО Биржасында және Лондон қор биржасында өткен IPO 450 млн-нан астам АҚШ долларын тартуға мүмкіндік берді, бұл ретте акцияға сұраныс ұсыныстан 1,7 есе асып түсті. Акцияларды екінші қайтара орналастыру (SPO) қорытындысы бойынша 2019 жылы қосымша 120 млн-нан астам АҚШ доллары тартылды. АХҚО Биржасында өткен сауда-саттыққа, сондай-ақ Халық Банктің, Полиметалл, Ferro Alloy Resources және Kcell компанияларының акциялары да қатыстырылды, және орташа мерзімді перспективада мұндай IPO бұдан да артық болады деп күтілуде.

Келешекте Қазақстан тарапынан кейбір айтарлықтай тартымды ұлттық компаниялардың акцияларын орналастыру бойынша ұсыныстардың ұлғаюын ескере отырып, бірқатар инновациялық салаларға инвестициялау үшін капитал түсімі күтілуде. COVID-19 пандемиясы активтерді жекешелендіру мерзімдерінің өзгеруіне ықпал еткендіктен, жекешелендіру үшін негізгі драйверлер өзгеріссіз қалады. Сәйкесінше, орташа мерзімді перспективада қазақстандық бағалы қағаздар инвесторлар үшін айтарлықтай тартымды болып қалуы ықтимал.

- **Исламдық қаржы** - Қазақстан өңірде исламдық қаржыландыруды дамыту үшін тартымды платформа болып табылады. Осы салада оңтайлы құқықтық және реттеушілік базаны жасау үшін АХҚО Ислам даму банкімен және Азия даму банкімен тығыз ынтымақтасады, исламдық қаржыландыру қызметтерін, банктік емес қаржылық қызметтерді көрсету үшін және Орталық Азиядан, Таяу Шығыстан және Оңтүстік-Шығыс Азиядан капиталды тарту үшін бірқатар өнімдерді әзірледі. Ислам қаржыларын ілгерілетуге ықпал ету үшін күш салу аясында АХҚО инфрақұрылымды және экожүйені дамыту бойынша исламдық қаржыландыруға бағытталған Бас жоспарды әзірледі. АХҚО Исламдық қаржы жөніндегі халықаралық

**«Жекешелендірудің кешенді жоспары аясында «Самұрық-Қазына» қорының алты компаниясы IPO/SPO-ға шығады. Бұл Қазақстанның ұлттық компанияларының дамуындағы жаңа кезең. Қордың 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес, біздің мақсатымыз – компаниялардың тиімділігін арттыру және активтер портфелін басқаруды жақсарту. Жекешелендіру – бұл осы мақсатқа жетудегі құралдардың бірі».**

**АХМЕТЖАН ЕСІМОВ**

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

«Al Rayan Investment Компаниясы халықаралық нарықтарға шығудағы алғашқы орналасу мекені ретінде өз таңдауын Қазақстанға, дәлірек айтсақ, АХҚО-ға тоқтатты. Қазақстан Орталық Азиядағы исламдық қаржыға арналған едәуір әлеуетке ие жаңа хаб болып табылады, ал АХҚО біз үшін қолайлы тұғырнама болып табылады, себебі өз қызметін Катардың қаржы орталығы сияқты реттеу қағидаттары мен халықаралық озық практикаға негізделі отырып іске асырады. Осының арқасында біз өзіміздің әлемдік санаттағы өнімдеріміз бен қызметімізді осындай келешегі зор нарықта ұсыну мүмкіндігімізді кеңейте аламыз».

**АДЕЛЬ МУСТАФАВИ**

Басқарма Төрағасы  
Masraf Al Rayan Тобы

«Катар Халықаралық ислам банкінің исламдық бағалы қағаздары (сукук) листингі үшін бар күн-жігерін салған АХҚО Биржасының командасына алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіз, бұл біздің халықаралық стратегиямызды іске асыру үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасында исламдық қаржы бизнесін ілгерілету бойынша АХҚО-ның стратегиялық серіктесі болу біз үшін үлкен мәртебе»

**ДОКТОР АБДУЛБАСИТ ӘЛ-ШАЙБИ**

Басқарма Төрағасы  
Катар халықаралық ислам банкі

сараптамалық кеңесті (ИҚХСК) және Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі орталық кеңесті құрды, 2020 жылдың наурыз айында Лондон қор биржасында бастапқы листингті жүргізу арқылы Катардың Халықаралық ислам банкі шығарған исламдық бағалы қағаздардың (сукук) алғашқы кросс-листингі АХҚО Биржасында өтті.

- **Тікелей инвестициялар** — тікелей инвестициялардың қазақстандық нарығы жеткілікті дамымаған күйде қалуда. 2008 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде қазақстандық активтерден шығу бойынша небәрі 61 мәміле тіркелді. Дегенмен, осы индустрияның даму қарқынының баяу болуына қарамастан, KPMG тікелей инвестициялардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін алдағы уақытта жақсы мүмкіндіктер туындайтынын атап өтті<sup>3</sup>. Алайда, бастапқы өсім нарықтың жете бағаланбауына байланысты негізгі тиімділікпен айтарлықтай дәрежеде шартталады. Капиталдағы жеке инвестицияларды қолдау үшін құрылымдық реформаларды жүргізу қажет болады. Осы деректі мойындай отырып, АХҚО өңірдегі тікелей инвестициялар нарығының мүмкіндіктері бойынша конференциялар мен семинарлар ұйымдастырды. Сонымен қатар, елдегі тікелей инвестицияларды қолдау үшін Қазақстанда Тікелей инвестициялар қоры мен ілеспе басқарушы компания өз қызметін бастады.
- **Жеке тұлғалардың активтері мен дәулетін басқару** — реттеуші базаны қамтамасыз етумен қатар, АХҚО шетелдік және жергілікті инвесторлардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, активтер мен жеке капиталды басқару жөніндегі қызметтерді көрсету үшін атқарымдық нарықтық платформаны ұсынады. АХҚО реттеуші базасының жуық арада кеңейтілуі жылжымайтын мүліктің инвестициялық қорлары, тікелей инвестициялар мен венчурлік капиталдың қорлары сияқты жаңа типті қорлардың пайда болуына әкеп соқты. Қолданыстағы базаны өзгерту де шетелдік басқарушыларға арналған қорларды құрылымдастыру үдерістерін жеңілдетті және сыртқы басқарушыларды тағайындау қажеттілігінсіз, өз бетінше басқарылатын экономикалық тиімді қорларды жасау мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Отандық және халықаралық ойыншыларға активтерді басқарудың озық әдістеріне сәйкес өнімдер мен қызметтердің кең спектрі (инвестициялау және портфельді басқару мәселелері бойынша консультациялар беру, салықтар мен капиталды басқаруды жоспарлау, активтерді басқару) ұсынылады. Еуропалық құқықтық жүйелерде сенімгерлік басқару қорларының баламасы ретінде пайдаланылатын қорлар АХҚО-да да мойындалады. Табиғаты бойынша әртүрлі өнімдерді пайдалану тұрғысынан осындай мүмкіндік жалпы құқық пен азаматтық құқықтың нормаларына сәйкес әрекет ететін инвесторлар мен олардың кеңесшілеріне өз капиталдарын өздеріне ыңғайлы тәсілмен құрылымдастыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, отбасылық кеңселер ашып көрсетілуі шектелген компаниялар (Restricted Scope Company) тарапынан көрсетілетін бірегей қызметтерден пайда таба алады, олардың басты ерекшелігі жария тізілімдерде өздері туралы ақпараттың таратылуына төмен талап қоюы болып табылады.

- **Қаржылық технологиялар** — тиімділікті арттыру, қолжетімдіктің анағұрлым кең құқықтарын ұсыну және қаржылық өнімдер мен қызметтердің сұрыптамасын кеңейту үшін инновациялардың оң рөлін мойындай отырып, АХҚО түбегейлі жаңа және тұтынуға бағдарланған инновацияларды енгізуге ықпал ететін іскерлік және реттеуші ортаны дамытады<sup>4</sup>. АХҚО – бұл еуразиялық өңірдегі алғашқы юрисдикция, ол инвестициялардың жаңа нысандары үшін реттеуші режимдерді қолдайды, соның ішіне краудфандинг, монеталарды бастапқы орналастыру, цифрлық активтерді сату, FinTech Lab деп аталатын «реттеуші құм алаң» режимінде қаржылық-технологиялық сервистерді тестілеу және әзірлеу, сондай-ақ Қаржылық инновациялардың жаһандық желісінің (қаржылық қызметтерді реттеушілердің желісі) аясында бірнеше юрисдикцияда қаржылық-технологиялық қызметті трансшекаралық тестілеу кіреді.

Сонымен қатар, алдағы жылдары қаржылық емес қызметтерді тестілеу үшін сала аралық ұлттық «реттеуші құм алаңын» құру, Еуразия және Оңтүстік-шығыс

<sup>3</sup> KPMG, Қазақстандағы тікелей инвестициялар нарығы, 2019 жылдың мамыр айы.

<sup>4</sup> Толығырақ ақпаратты Ресейдің, ИМД мен Кавказдың 2019 жылғы қаржы секторы бойынша АХҚО шолуынан қараңыз.

Азия елдерінде қаржылық-технологиялық қызметтерді көрсетуге (төлқұжаттарды беру) АХҚО лицензияларын мойындау және ашық банкинг режимін, сондай-ақ цифрлық (мобильді) банкинг, төлемдер және электрондық ақшаны аудару жөніндегі қызметтер түріндегі инновациялық қаржылық қызметтерді реттеушілік қолдау сияқты қосымша мүмкіндіктер қарастырылады.

- **Жасыл қаржы** — Қазақстанның жасыл экономикаға ауысу шамасына қарай табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға, сондай-ақ жаңғыртылатын энергия көздерін және энергияны үнемдеу технологияларын кең ауқымды енгізуге жуық арада ерекше назар аударылатын болады. Жасыл жобаларды нарықты қаржыландыруды ынталандыру қажеттілігін мойындай отырып, 2018 жылдың маусым айында АХҚО Жасыл қаржы орталығын (ЖҚО) құрды және жасыл қаржыларды басқару, сондай-ақ жасыл облигацияларды шығару жөніндегі кешенді стратегияны әзірледі. ЖҚО жасыл облигациялардың әлеуетті эмитенттеріне, инвесторларға және нарықтың қатысушыларына консультативтік қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, Жасыл қаржы орталығы жасыл облигацияларға міндетті сыртқы шолу жасау кезінде эмитенттер ұшыраған шығындарды өтейді.
- Алдағы жылдары Қазақстан тұйық циклді экономиканы дамытуға барынша күш салатындықтан, Жасыл қаржы орталығы жасыл экономика салаларында қызмет ететін ұйымдарға қарыз нарығы арқылы қаражатты тартуға және экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттары мен компаниялардың ішкі саясаттарының қағидаттарымен сәйкестікке келтіруге ықпал етеді

## 2 БІЛІМ БЕРУ

Қазақстан шетелдік қызметкерлерінің саны ұлғайып келе жатқан өңірлік хабқа айналуы шамасына қарай сапалы бастапқы және жоғары білімге деген сұраныс та артуда. Соңғы жылдары АХҚО әлемдік салалық

көшбасшылармен, оның ішінде елде әлемдік деңгейдегі білім беру мекемелерінің құрылысына 2024 жылға дейін \$200 млн инвестициялауға ниет білдіретін сингапурлық Kinderworld компаниясымен және 2023 жылға дейін \$25 млн-нан артық қаражатты инвестициялайтын Sabis америкалық компаниясымен серіктестік қатынастарды нығайтты. Ынтымақтас саяси ортаны және ұлғайып келе жатқан сұранысты ескере отырып, осындай серіктестердің саны артатынын күтуге болады.

Алайда, COVID-19 пандемиясына байланысты білім беру модельдері күрт өзгерістерге ұшырағандықтан, білім беру технологиялары білім алуға көбірек мүмкіндік беретін болады. Білім беру технологияларының қазақстандық экожүйелерін кеңейту үшін және осы секторға түсетін инвестициялардың ағымын арттыру үшін Орталық өзіндік Цифрлық Академияның платформасында онлайн және офлайн іс-шаралар өткізеді. Орталық IT-мамандар үшін жаңа QWANT онлайн-мектебін құрды, ол бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу бойынша 6 айлық қарқынды оқу бағдарламасын ұсынады. Әлемдік деңгейдегі оқу жоспарын Силикон алқабынан келген сарапшылар әзірледі және оған 800-ден астам тапсырма мен жоба кіреді. Бағдарлама әзірлеу үшін өзіндік интеграцияланған ортаны қамтамасыз етеді, онда студенттер әртүрлі платформалар мен тілдердегі ең озық дағдыларды үйрене алады. Бүгінгі күні Қазақстанның түпкір-түпкірінен 2500 өтінім келіп түсті және өңделді.

Цифрландыруға қосымша ретінде АХҚО үзіліссіз кәсіби білім беруге көп назар аударады. Орталық Үзіліссіз кәсіби даму бюросының (Бюро) платформасы арқылы бухгалтерлік есеп, қаржы, тәуекелдер мен адам ресурстарын басқару, АКТ және корпоративтік басқару салаларындағы халықаралық сертификаттарды алуды ұсынады. Сондай-ақ Бюро жергілікті кәсіптік қауымдастықтарға қолдау көрсетеді және CFA Институты сияқты және т. б. халықаралық кәсіптік институттар бекіткен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін қазақстандық университеттермен ынтымақтасады. Сонымен қатар, 2019 жылдың қыркүйек айында АХҚО-ның құқық бойынша заңгерлік білім беру бағдарламаларын және халықаралық коммерциялық тәжірибені ұсынуға арналған платформа ретінде АХҚО







Құқық академиясын құрды. АХҚО-ның Құқық академиясы өткізген іс-шараларға 1500-ден астам қонақ келіп, құқық саласындағы білім беру бағдарламаларының тыңдаушыларына айналды.

### 3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақстанда цифрлық технологиялар белсенді енгізілуіне байланысты елдің ауыл шаруашылығы секторында өнімділікпен экспорттың айтарлық ұлғаюы күтілуде. Осы әлеуетті ескере отырып, Қазақстанның азық-түлік өнеркәсібі көптеген халықаралық инвесторларды тартты, солардың қатарында Tyson компаниясы – АҚШ-тың аса ірі ет өңдеу кәсіпорны және Polcotton польшалық компаниясы бар. Tyson компаниясы қазақстандық сиыр етінің өндірісін жылына 5 млн тоннаға дейін кеңейту үшін \$200 млн дейін инвестициялауды жоспарлауда. Ауыл шаруашылығы жабдығының өндірісі де ұлғаяды деп күтілуде және 2019 жылы Қазақстан отандық ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін екі есе арттырады. АХҚО осы сектордағы тәжірибені арттыру мен инвестициялар енгізудің өзекті арнасы болып қалуда.

### 4 ТЕХНОЛОГИЯЛАР / ИНДУСТРИЯ 4.0

Төртінші өнеркәсіптік революцияның дамып келе жатқан нарықтардың қалыптасуында атқаратын аса маңызды рөлін ескере отырып, Қазақстанның экономикасын цифрландыру АХҚО қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. 2019 жылы Қазақстанда Интернет желісімен қамту деңгейі шамамен 80% құрағанына назар аударсақ, АХҚО цифрлық сауаттылықты ілгерілетуді және цифрлық экономикаға деген сенімділікті арттыруды маңызды деп есептейді, осылайша Индустрия 4.0 бағдарламасының технологияларының артықшылықтарын қамтамасыз етеді. Ғылым, технология, инжиниринг және математика салаларындағы жаңа курстарды (STEM), сондай-ақ кәсіпкерлік технологиясының мәдениетін ілгерілетіп отырып, АХҚО Қазақстанның

адам ресурстарын келесі ұрпақтың технологияларын белсенді енгізуге ықпал ету үшін пайдалануға ұмтылады.

Осыған қосымша ретінде, төртінші өнеркәсіптік революцияның Дүниежүзілік экономикалық форуммен аффилиденген орталығымен ынтымақтастық орнатылды, ол өз қызметін жыл соңында бастайды. Орталық Қазақстанға қажетті ақпарат пен білімге қолжетімдік береді, сондай-ақ АХҚО-ға халықаралық озық басқару тәжірибесін енгізу үшін және әртүрлі салаларда жаңа технологияларды пайдалану үшін ықпал етеді.

Электрондық коммерция қазақстандық технологиялық ортада айтарлықтай ұлғайып келе жатқан сектор болып табылады. 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде онлайн-сатылымдар шамамен 2,5 есеге артты және түсімі \$1,1 млрд-тан асып кетті, ал белсенді сатып алушылардың саны шамамен үш есе ұлғайып, түсімі \$3 млн-нан асты. 2025 жылға қарай онлайн-сатылымдардан түскен түсім Қазақстанда \$5,25 млрд-қа дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Ел интернет желісіне қолжетімділік белсенді түрде кеңейіп жатқанын және 2022 жылға қарай Қазақстанның барлық ауылдық елді мекендерін 3G/4G қызметтерімен немесе жерсеріктік интернетпен қамту көзделіп отырғанын ескере отырып, сондай-ақ интернет кеңістігінде сауда жасайтын тұтынушылардың құқықтарын әдеттегі дүкенде сауда жасайтын тұтынушылардың құқықтарын қорғағандай етіп қорғауды қамтамасыз ету туралы заңның қабылдануын ескере отырып, қазақстандықтар онлайн сауда жасауға анағұрлым кең мүмкіндіктер алады. Аса ірі ресейлік онлайн-ритейлер Wildberries сияқты компаниялармен серіктестік қатынастарды орнатудың арқасында АХҚО тауарлардың нарығын дамытуға және кеңейтуге, сондай-ақ Қазақстанның электрондық сауда секторының тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Нәтижесінде, бұл интернетте сауда жасау үшін электрондық инфрақұрылымды пайдалану деңгейін арттыруға әсер ететін болады

### Электрондық сауда-саттық және қаржылық технологиялар салаларында жеке секторды дамыту

**ChocoFamily:** 700 мыңнан астам белсенді пайдаланушылары бар және өткен жылдың қорытындылары бойынша \$220 млн көлемінде табыс алған ChocoFamily компаниясы Қазақстанның электрондық саудасының жетекші ойыншыларының қатарына кіреді. Құны 2019 жылы шамамен \$50 млн құраған компания азық-түлік өнімдерін жеткізумен, электрондық төлемдермен және туристік қызметтерді көрсетумен айналысады.

**Kaspi.kz:** Қазақстанның аса ірі бөлшек банктерінің бірі – Kaspi банкі электрондық әмиянды және шоттарды онлайн төлеу жүйесін іске қосып, жоғары технологиялық банктік қызметтерді 2012 жылы ұсына бастады. Жеке тұлғалар арасында ақша аударымдарын жүзеге асыруды және интеграцияланған онлайн сатып алуларды жасауды, сондай-ақ дәстүрлі банктік қызметтерді көрсетуді ұсынатын Kaspi мобильді қосымшасын 2019 жылы айына шамамен 4,5 млн белсенді пайдаланушы қолданады, олар осы платформада ай сайын шамамен 60 млн транзакция жасайды. Банктің акцияларының шамамен 4%-ы GoldmanSachs компаниясына тиесілі.

## 5 ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ

Пайдалы қазбаларды өндіруге енгізілетін ұзақ мерзімді инвестицияларды арттыру әлеуетін мойындай отырып, 2018 жылы Қазақстан Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы жаңа Кодексті енгізді, ол әкімшілік рәсімдерді жеңілдетеді, тәуелсіз геологиялық деректерге қатысты қолжетімдікті кеңейтеді және мүдделі тараптарға пайдалы қазбаларды өндіру құқығын беретін ашық аукциондар мен сауда-сатыққа қатысуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар анағұрлым жоғары айқындық пен ашықтықты қамтамасыз етеді, соның арқасында 2019 жылы \$13,6 млрд көлемінде инвестициялар енгізілген тау-кен өндіруші секторы инвесторлар үшін анағұрлым тартымды секторға айналады. Уранның әлемдік көлемінің шамамен 40%-ын қамтамасыз ететін Қазатомөнеркәсіп компаниясы айтарлықтай қызығушылық танытуда. Жекешелендіру бойынша алдағы жоспарларды назарға ала отырып, Қазақстан уран өндірісін инвестициялау үшін тартымды перспективалар ұсынуда.

Уранның айтарлықтай үлкен қорымен қатар, елімізде хромның әлемдік бағалық қорының 45%-ы, сондай-ақ асбесттің әлемдік қорының 30%-ы және титанның әлемдік қорының 10%-ы бар. Осы пайдалы қазбаларды өндіру перспективалары да тартымды болып қалуда. Өз тарапынан АХҚО осы секторларға инвестицияларды белсенді түрде тартуға ықпал етуде.

### Әлемнің жекелеген металл қорларындағы Қазақстанның үлесі (2020 жыл)

Металл	Әлемдік қорлардағы бағалық үлесі	Жылдық өндіру (тонна)	Өндірудің әлемдік рейтингі
Уран	20%	24,000	1
Хромит (хром)	45%	3,744,000	2
Асбест	30%	195,000	3
Титан	10%	9,000	4
Марганец	25%	390,000	9
Мыс	10%	540,000	13

Дереккөз: АҚШ Ішкі істер министрлігі және АҚШ Геологиялық қызметі, 2020 жыл.

## 6 ЛОГИСТИКА

Қазақстан Азия мен Еуропаның нарықтарын біріктіретін логистикалық хаб ретінде өз әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылатынын ескере отырып, соңғы он жыл ішінде көліктік және логистикалық инфрақұрылымды жақсартуға шамамен \$30 млрд инвестициялады. Үкімет «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында автомагистральдар мен темір жол дәліздерінің құрылысына 2019 жылдан бастап 2025 жыл аралығында тағы шамамен \$13 млрд жұмсауды жоспарлауда. Жуық арада аяқталған инфрақұрылымдық жобаларға Каспий теңізіндегі Ақтау кемежайы, Хоргос құрғақ кемежайы және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі жатады. Осы перспективті жобалар Азия мен ЕО арасында Қазақстан арқылы жасалатын сауда-саттықтың үлесін арттыруға мүмкіндік береді және елге жаңа Жібек жолының бойында орналасқан ірі көліктік хабқа айналуға көмектеседі. Индустрия 4.0 бағдарламасының блокчейн сияқты технологиялары логистикалық ағындардың тиімділігін қосылған құн салығының тізбегі бойынша арттыруға ықпал ететін болады.

2012–2019 жж. аралығында әуе тасымалдары секторының 45 есе артуының арқасында Қазақстанның әуе қолжетімдігі де ұлғайды. 2019 жылы елдің әуежайлары 17 млн-нан астам жолаушыларға қызмет көрсетті. 2020 жылдың ақпан айындағы жағдай бойынша 26 шетелдік және 3 қазақстандық әуе компаниялары аптасына 99 халықаралық бағыттар бойынша 430 рейс орындады. Қазақстан бесінші «тәуелсіздік дәрежесін» қабылдағандықтан, елдің авиациялық секторы қалпына келтірілгеннен кейін, осы салаға деген қызығушылық ұлғая береді. Өз кезегінде АХҚО өңірде авиациялық навигацияны дамыту мүмкіндіктері бойынша кәсіптік консультациялар мен ұсынымдар беруін жалғастырады.

## 7 ЭНЕРГЕТИКА

Ішкі тұтыну үшін, сондай-ақ экспорт үшін энергияны өндірген кезде көмір, мұнай және табиғи газ Қазақстанның экономикасында маңызды рөл атқарады. Eni, Total және Partex компаниялары Каспий теңізінің

қайраңындағы қазақстандық секторда мұнай-газ блоктарын барлауды жалғастыруға қатысты өз жоспарлары туралы хабарлағанын назарға ала отырып, сондай-ақ ҚазМұнайГаз ұлттық мұнай-газ компаниясының жоспарланған IPO-сын ескере отырып, көмірді, мұнай мен газды өндіруді арттырудың перспективасы туралы сеніммен айтуға болады.

Көптеген мұнай-газ жобаларының ауқымы мен күрделілігін ескере отырып, контрагенттер арасындағы келісімшарттардың тұрақтылығы шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты АХҚО төрелік пен дауларды шешуге қатысты өз құралдарын пайдалана отырып, инвесторлардың мүдделерін ең жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді. Келісімшарттарды ашық және әділ орындау мүдделі тараптарға елдегі мұнай-газ жобалардың аясында ақша ағындарын, жабдықтар мен қызметкерлерді тиімді әрі сенімді басқару арналарын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан мұнай мен газ жаңғыртылмайтын және экологиялық зиянды ресурстар болып табылатынын мойындайды. Еліміз өзінің жаңғыртылатын энергия көздерін 2020 жылы 3%-ға дейін, 2030 жылға қарай 10%-ға дейін және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін арттыруға ниетті. Жаңғыртылатын энергия көздеріне сұраныстың ұлғаюы шамасына қарай Жасыл қаржы орталығының ресурстарын пайдалана отырып, АХҚО осы секторға инвестицияларды тартуға ықпал етуін жалғастырады.



## 4-БӨЛІМ

# COVID-19 пандемиясы аяқталғаннан кейін Қазақстанға инвестицияларды жоспарлау

Әлемдік сауда іс жүзінде теңдессіз құлдырауды басынан кешіріп жатқандықтан, Қазақстан экономикасының өсуі де қысқа мерзімді перспективада айтарлықтай баяулауы ықтимал. Дегенмен, ХВҚ көрсетіп отырғандай, COVID-19 пандемиясы тудырған рецессияның терең болуы мүмкіндігіне қарамастан, Қазақстанның қалпына келуі қарқынды болуы мүмкін. Сұраныс артқан сайын, технологиялар саласы, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, тау-кен өндіруші өнеркәсіп, энергетика және қаржылық қызметтер қайтадан табысты секторларға айналмақ.

Тіпті тұрақты кездердің өзінде инвесторлар дамушы нарықтарға алғаш шығар кезінде ерекше сын-тегеуріндерге тап болатын. Дүниежүзілік банк көрсетіп отырғандай, инвесторлардың сенімін арттыру әртараптандырушы, бәсекеге қабілетті жеке сектордың құрылуын, ірі макро-фискалдық және қаржылық бұзушылықсыз ортаны қамтамасыз етуді, сондай-ақ бәсекелес нарықтарды құру үшін тең жағдайдың қалыптастырылуын талап етеді. Алдыңғы бөлімдерде көрсетіліп кеткендей, АХҚО-ның соңғы бес жылдағы негізгі іс-әрекеттері Қазақстан экономикасының осы ерекшеліктерін нығайтуға бағытталды. Әйтсе де, қалыптасқан екіштылық жағдайында инвесторлардың сенімін сақтау үшін неғұрлым тиімдірек коммуникация және ашықтық талап етіледі, бұл Қазақстанның бизнес жүргізуге ашықтығының айқын белгісі болмақ.

Инвестицияларды тарту жөніндегі үйлестіру кеңесінің, Қазақ Инвесттің жұмысына, сондай-ақ халықаралық қаржы орталықтарының Дүниежүзілік альянсы арқылы шағын және орта бизнесті қолдау бойынша жаңа бағыттағы жұмысқа қатысуымен қатар, АХҚО инвесторлардың Қазақстанның бизнес-климатына сенімін арттыру үшін бірқатар шара қолданды, атап айтқанда:

Инвесторлардың алаңдаушылығы	Тәуекелдерді азайту тетегі
<p><b>Пандемиядан кейінгі кезеңдегі құқықтық және реттеуші режимнің ашықтығы мен икемділігі</b></p>	<p>АХҚО реттеуші режимнің озық халықаралық тәжірибелерге олардың пайда болуына қарай сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, өзінің құқықтық және реттеуші базасын нығайту үшін консультативтік тәсілді пайдалануын жалғастырады.</p> <p>АХҚО инвесторларға тараптардың келісімі бойынша ағылшын жалпы құқығының немесе азаматтық құқықтың қағидаттарына негізделген АХҚО құқығын таңдау мүмкіндігін бере отырып, дауларды шешу үшін юрисдикцияны таңдау бойынша опцияны сақтайды.</p> <p>АХҚО электрондық сот төрелігінің тиімді жүйесін ендіріп, ол тараптарға Қазақстанға бару қажеттілігінсіз онлайн режимде арыздануға мүмкіндік береді.</p> <p>АХҚО Соты мен ХТО-да дауларды шешу бойынша қызметтерге кем дегенде 2021 жылға дейін әкімшілік төлемдер салынбайды.</p>

Инвесторлардың алаңдаушылығы	Тәуекелдерді азайту тетегі
<p><b>Салық салу және қосарлы салық салу режиміндегі өзгерісте</b></p>	<p>Жеке тұлғалар Салық кодексі тұрғысынан АХҚО-ның инвестициялық резиденттері-жеке тұлғалары және Қазақстанның заңды резиденттері болып табылған жағдайда, 2066 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан аумағынан тыс көздерден алынған табыс салығын төлеуден босатылады.</p> <p>Қазақстан Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея және Сингапурды қоса алғанда, 54 елмен қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім жасасты. Орташа мерзімді перспективада елдердің тізімі кеңейе түседі деп күтілуде.</p>
<p><b>Жұмысқа рұқсат алу</b></p>	<p>АХҚО қатысушылары мен органдары ҚР-да қызметпен айналысу үшін шетел азаматтарын тартуға рұқсат ресімдеу талабынан босатылады.</p> <p>АХҚО қатысушылары мен органдарының шетелдік қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасының мүшелері қолдану мерзімі 5 жылға дейін жұмыс визасын алады.</p>
<p><b>Иелік ету модельдері</b></p>	<p>Орталық кез келген даму сатысындағы компанияларға АХҚО алаңында қызметін тіркеу бойынша қолдау көрсетеді. АХҚО қатысушыларына 100% шетелдік қатысумен жұмыс істеуге рұқсат етілген.</p>
<p><b>Арнайы мақсаттағы компаниялар туралы қағида</b></p>	<p>АХҚО арнайы мақсаттағы компаниялар үшін олардың капиталына қатысты ешқандай талап қоймайды.</p> <p>АХҚО-ның арнайы мақсаттағы компаниялар үшін белгілеген режимі бірігу және жұтылу мәмілелерін өткізу үшін оңтайлы корпоративтік құрылым құру мақсатында, арнайы мақсаттағы компаниялар арқылы активтерді немесе қызметтің негізгі емес бағыттарын бөліп көрсету үшін қолайлы.</p>

## АХҚО-ДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУ

Инвесторлар соңғы кездері тәуекелдерді бөлу бойынша шараларға, оның ішінде мемлекеттік инвестициялық қорлар немесе мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) схемалары арқылы бірлесіп инвестициялауға жиі жүгінуде. АХҚО инвесторларға тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін мынадай шараларды қолға алды:

Тәуекелді азайту бойынша шаралар	Егжей-тегжейі
<p><b>МЖС және инвестициялық субсидиялар</b></p>	<p>АХҚО юрисдикциясында жүзеге асырылатын инвестициялар үшін қазақстандық инвестициялық экожүйенің аясында ұсынылатын бағдарламалар мен субсидияларды пайдалануға болады.</p>
<p><b>Бірлесіп инвестициялау</b></p>	<p>АХҚО-да тіркелген Қазақстандық мемлекеттік тікелей инвестициялар қоры әртүрлі секторларда бірлескен жобаларды іске асыру бойынша кең өкілеттіктерге ие, сол арқылы инвесторлардың тәуекелдерін азайтады.</p> <p>Сондай-ақ, АХҚО Орталықты өз бағдарламаларын іске асыруда қосымша тұғырнама ретінде қарастыратын әлемдік даму банктері тарапынан көрсетілетін күшті қолдауға ие. АХҚО-ның Business Connect бөлімшесі бұл институттармен қалыптасып қалған серіктестік қатынастарды, сондай-ақ олардың халықаралық инвесторлар мен Қазақстандағы тиісті мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын үйлестіру бойынша мандатын да пайдаланады.</p>
<p><b>Капитал ағындары</b></p>	<p>Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, АХҚО қатысушыларының пайдасын репатриациялау рұқсат етілген болып қалады.</p> <p>АХҚО қатысушылары арасындағы мәмілелер тараптармен келісілген валютада көрсетіліп жасалуы мүмкін.</p> <p>Инвесторларға өздерін валюталық тәуекелден сақтандыруға мүмкіндік бере отырып, капиталды бірнеше валютамен тартуға болады.</p>



Тәуекелді азайту бойынша шаралар	Егжей-тегжейі
<p><b>Жобаларды қаржыландыру</b></p>	<p>АХҚО-ның Business Connect бөлімшесі жобалардың деректер қорын жүргізеді, оны жергілікті және халықаралық сарапшылар мұқият талдап, тәуекел санатын береді де, әлеуетті табыстылығы мен тұрақтылығы тұрғысынан бағалайды. Деректер негізінде, Business Connect қаражат тарту немесе бірлесіп инвестициялау үшін қолайлы инвесторлар мен серіктестерді іздестіру бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ одан әрі инвестициялау барысында қолдау көрсетеді.</p>
<p><b>Дауларды тәуелсіз шешу және шешімдерді орындау</b></p>	<p>АХҚО Соты Минск және Киев конвенцияларына сәйкес, басқа елдердегі, оның ішінде Орталық Азия елдеріндегі өз шешімдеріне қатысты құқық қолдану мүмкіндіктеріне ие. Қазақстанмен сот үкімдерін орындау туралы келісім жасасқан басқа елдердің қатарына мыналар жатады: Әзірбайжан, Қытай, Грузия, Үндістан, Қырғызстан, Өзбекстан, Литва, Солтүстік Корея, Пәкістан, Түркия, Түркменстан, БАӘ және АХҚО Соты Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумына (SIFOCC) мүше болған жағдайда, соттардың өзара әрекеттесуі негізінде әрекет ететін басқа да елдер.</p> <p>Шешімдерді орындау тетігінің табысты қолданылуы АХҚО Сотында бірінші іс қаралған кезде көрініс тапты. Қабылданған шешім бойынша борышкер қарызын толық көлемде өтеді.</p>
<p><b>Ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету (АЖҚ) және терроризмді қаржыландыру (ТҚ)</b></p>	<p>АХҚО-ның АЖҚ/ТҚ туралы қағидасы және санкциялары Ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының нұсқауларына сәйкес. АХҚО қатысушылары өздерімен байланысты компанияларға, өнімдерге, клиенттер мен мәмілелерге тексеру өткізуге және кез келген күдікті операциялар туралы тұрақты негізде хабарлауға міндетті.</p>

## **1-ТАБЫСТЫ ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ: КЭПТИВТІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ РЕДОМИЦИЛЯЦИЯСЫ**

2019 жылдың желтоқсанында АХҚО-ның Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті Қазмұнайгаздың еншілес компаниясы – Қазақстандық энергетикалық қайта сақтандыру компаниясына (KERC) кэптивтік сақтандыру компаниясы ретінде компанияға өзінің бастапқы юрисдикциясындағы мәртебесін жоймастан, тіркелген елін ауыстыруға мүмкіндік беретін сақтандыру шарттарын жасасу және жүргізу бойынша реттелетін қызметін жүзеге асыруға лицензия берді. Нәтижесінде, ҚЭҚК тіркелген елін ауыстырып, АХҚО-ның бөлігіне айналған бірінші компания болды.

Бұрын KERC-тің тіркелген елі Бермуд аралдары болды, онда ол өз қызметін 2004 жылдан бері жүзеге асырып келген. АХҚО-да қайта тіркелу компанияға барлық заңды құқықтары мен міндеттемелерін жаңа заңды тұлғаға табыстауға мүмкіндік берді. KERC өзінің бүкіл мүлкіне, құқықтары мен артықшылықтарына иелік етуін жалғастырады, сондай-ақ бұрынғыдай бүкіл міндеттемелерін, шектеулері мен қарыздарын одан әрі атқарады.

Көптеген компаниялар өздерінің тіркелген елдерін балама юрисдикциядан АХҚО юрисдикциясына ауыстыруға мүдделі.

## **2-ТАБЫСТЫ ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ: ҚЫТАЙ ҚҰРЫЛЫС БАНКІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Қытай мен Қазақстан арасында екі жақты өзара қарым-қатынасты дамыту аясында 2019 жылдың наурызында Қытай құрылыс банкі Нұр-Сұлтан қаласында филиал ашты, ол АХҚО-да тіркелген шетелдік коммерциялық банктің бірінші филиалына айналды.

Орталық Азия нарықтарына шығу үшін серіктес ретінде АХҚО-ны таңдаған кезде, Қазақстан ұсынатын мүмкіндіктермен қатар Қытай құрылыс банкі АХҚО-ның, нақты айтқанда, заңнамалық, салықтық және визалық режимдерге қатысты ұсынған қолайлы шарттарын ерекше атап өтті.

Қызметін осы өңірде жүргізе бастаған сәтінен бері Қытай құрылыс банкінің филиалы екі елдің арасында және орталық-азиялық өңірде бірқатар жобаны іске асыруда көмек көрсетуді және қытайлық юаньның оффшорлық нарығының АХҚО-да дамуын қолдауды мақсат етеді.

## **3-ТАБЫСТЫ ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ: ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САЛАНЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК**

АХҚО-мен стратегиялық серіктестіктің арқасында Bitfury жаһандық, перспективті технологиялық компаниясы өз қызметін Қазақстанда іске асыру үшін холдингтің бірегей құрылымын әзірледі. Бұл құрылым компанияға Қазақстанда шетелдік инвестор ретінде барлық артықшылықтарды пайдалану үшін қажетті деңгейде болуға мүмкіндік береді.

Стратегиялық серіктестік сонымен қатар Bitfury тобына өзінің жобалар қоржынын кеңейтіп, институционалдық клиенттерге озық инвестициялық ұсынымдарды ұсынуға мүмкіндік береді, сол арқылы жергілікті деңгейде мәмілелер өткізу және деректерді өңдеу орталықтарын құру арқылы Қазақстанға едәуір инвестициялар ағынын қамтамасыз етеді.

Bitfury тобы мен АХҚО-ның табысты серіктестігі өңірдің дамып келе жатқан технологиялық саласына көптеген инвесторларды одан әрі тартудың керемет үлгісіне айналмақ.

## ИНВЕТОРЛАР АХҚО ТУРАЛЫ

«Бүкіл әлемдегі кез келген басқа инвесторлар сияқты ССВ-ны да АХҚО ұсынатын пұрсатты шарттар, әсіресе заңнама, арнайы салықтық және жеңілдетілген визалық режимдер тұрғысынан қатты қызықтырады, біздің ойымызша, бұл Орталықтың дамуын барынша ынталандыра түседі»

СУНХУА ВАН  
Бас директор және Аға атқарушы директор  
China Construction Bank, Нұр-Сұлтан

«АХҚО ұсынатын және құқықтық, реттеуші актілерде көзделген шарттар мен артықшылықтар, біздің ойымызша, бизнес үшін шектеуші немесе тежеуші болып табылмайды – керісінше, олар сізге және сіздің бизнесіңізге жаңа перспективалар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді».

ЖАНЫМХАН ЖАҒАЛТАЙ  
Аға серіктес  
Ozara Services





# Қорытынды

---

Әлемдегі елдердің басым бөлігі коронавирус пандемиясынан сілкіністі әлі де басынан кешіріп, экономикалық перспективалар жағынан белгісіздікті сезініп, тіпті саяси тұрақтылық тұрғысынан күдік пен күмәнге беріліп жатқан шақта, Қазақстан өзінің соңғы үш онжылдықтағы мемлекетті жаңғырту, экономиканы әртараптандыру және халықтың білім деңгейін арттыру мәселелерінде үздіксіз ілгерілеуді қамтамасыз ету үшін басшылыққа алған жоспарларын ұстануын жалғастырып келеді.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) Қазақстанның алға қойған өршіл мақсаттарына жету жолындағы өз рөлін кеңейтуге ниетті. Логистикадан жаратылыстану ғылымдарына, салық реформаларынан акциялар листингіне дейінгі барлық салаларда АХҚО ұлттық өндірісті одан әрі өсіру және елді жаһандық деңгейде ықпалдастыру мақсатында, шетелдік инвесторлар үшін, сондай-ақ отандық компаниялар үшін де басты серіктес ретінде әрекет етеді.

Бұл есепте АХҚО-ның негізгі қалыптасу кезеңдерін, тәжірибесі мен қызмет нәтижелерін көрсетіп, қаржы орталығының келешегіне қатысты пайымын қалыптастыру тұрғысынан әрекет жасалды. Жаһандық экономика мен саясатты әлі де көптеген белгісіздіктер тосып тұрғанына қарамастан, болашақта Қазақстан өзінің жаһандық деңгейде тартымды, әрі келешегі зор нарық ретінде дамуын жалғастыратындығына сенім бар.